

ЖАСТАР ОРТАЛЫҒЫ

Студенттік Жастар орталығы- Бизнес және сервис колледжіндегі барлық қоғамдық бірлестіктердің басын біріктіріп, жастарды әлеуметтік жақтан қолдауда, жастар арасында дұрыс моральды-психологиялық орта қалыптастыруға, өткізілетін іс-шараларды ұйымдастыру-басқару жұмыстарын дамытуға басшылық жасайды.

Толық атауы: Бизнес және сервис колледжінің Жастар орталық ұйымы.

Жастар орталығының міндеттері:

- Жемқорлықтың алдын-алу бағытындағы іс-шараларды дамыту, жемқорлықтың пайда болуына жол бермеу;
- Колледждегі студенттік ұйымдардың шешімдеріне қатысты мәселелерді қайта қарау;
- Оқу орнымыздағы студент жастардың құқықтары мен мүдделерінің қорғалуын қамтамасыз ету;
- Жастардың әлеуметтік маңызды бастамаларына қолдау көрсету және оларды іске асыру;
- Жастардың тұрмыстық жағдайын жақсартуға, жетілдіруге жәрдемдесу;
- Жастарды аға буынға деген құрмет, қамқорлық және мейірімділік рухта тәрбиелеу;
- Жастар ұйымдарымен және басқа да елдердің азаматтық қоғам институттарымен ынтымақтастық орнатып, тиісті келісімдер жасау;
- Жастар бағдарламаларын, жастар саясаты саласындағы әлеуметтік маңызды жобаларды әзірлеуге, қабылдауға, бекітуге және оларды іске асыруға белсенді қатысу;
- Басқа жастар ұйымдарымен байланыс орнату, оны дамыту және нығайту.



СТУДЕНТТІК КЕҢЕС

Колледжден тыс тәрбиелік іс-шаралардың ұйымдастырылуын жүзеге асырады. Студенттік кеңес ұйымдары жастарды проблемалық мәселелер бойынша саналы шешім қабылдауға баулиды.

Студенттердің қоғамдық бірлестігі, студенттік өзін-өзі басқаратын орган, студенттердің тәртібі мен тазалығын қадағалай отырып, түрлі мәдени-көпшілік, спорттық және басқа да іс-шараларды ұйымдастырып, жүргізуді іске асыратын ұйым.

Негізгі мақсаттары:

- Колледждегі жастар мен студенттердің өзін-өзі басқаруын жан-жақты дамыту;
- Студенттердің бойында шыншылдық мәдениетін қалыптастыру;
- Жаңадан келген студенттердің азаматтық ролі мен жауапкершілігін арттыру;
- Студент-жастардың бойында патриоттық рухты дамыту;
- Студенттердің жеке қабілеттері мен интеллектуалдық мүмкіндіктерін дамыту.



«ЖАС ОТАН» ЖАСТАР ҚАНАТЫ

«Жас Отан» жастар қанаты ұйымы - «Нұр Отан» партиясы жанындағы «Жас Отан» Жастар қанаты» қоғамдық бірлестігі (бұдан әрі – «Жас Отан» ЖҚ) Бизнес және сервис колледжінің студенттері әртүрлі әлеуметтік топтардағы жас азаматтардың мүдделерін мемлекеттік өкілді және атқарушы билік, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында білдіретін ерікті ұйым.

«Жас Отан» ЖҚ-ның міндеттері:

- Жастардың бойында қазақстандық патриотизм сезімін және жауапты азаматтық ұстанымын, Республиканың мемлекеттік рәміздеріне, Қазақстан халқының мәдени мұрасына, тіліне және дәстүрлеріне құрметпен қарауды қалыптастыру;
- Жастарды демократиялық, әлеуметтік әділ қоғам құру процестеріне тарту;
- Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясатын іске асыруға жәрдемдесу;
- Жастардың саяси экономикалық, әлеуметтік және өзге де құқықтарын қорғау жөніндегі қызметтерге қатысу;
- Жастар мәдениетін қалыптастыруға, жастардың білім, зияткерлік және кәсіби деңгейін арттыруға жәрдемдесу;
- Жастардың кәсіпкерлігін дамытуға жәрдемдесу, колледждің студенттерін жұмысқа орналастыруға көмектесу;
- Жастардың әлеуметтік маңызды бастамаларына қолдау көрсету және оларды іске асыру;
- Жастарды аға буынға деген құрмет, қамқорлық және мейірімділік рухта тәрбиелеу;
- «Нұр Отан» партиясы мен «Жас Отан» ЖҚ-ның бағдарламалық құжаттарында белгіленген міндеттерді халыққа насихаттау және түсіндіру, «Жас Отан» ЖҚ-ның мақсаттары мен міндеттеріне қолдау көрсетуші жастарды өзінің қатарына тарту;
- Жастар ұйымдарымен және басқа да елдердің азаматтық қоғам институттарымен ынтымақтастық орнатып, тиісті келісімдер жасау.



БЖСК СТУДЕНТТЕРІНІҢ АЛЬЯНСЫ

Бизнес және сервис колледжі студенттерінің Альянсының басты мақсаты – студент жастардың бойында белсенділікті, салауатты өмір сүруді насихаттайтын, осы бағытта колледждік, қалалық, колледжаралық іс-шараларды белсендіретін ұйым.

- Жастар және жасөспірімдер қылмысының, нашақорлықтың, токсикоманияның және басқа да девианттық жүріс-тұрыстың пайда болуының алдын алуда және оларға қарсы күресте жәрдемдесу;
- Студенттер арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру;
- Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясаты негізінде студент жастардың қоғамдық белсенділігін арттыру;
- Ұлттық спорттық ойындарға жастарды бейімдеу, насихаттау;
- Студенттердің жан - жақты дамуы мен студенттік көзқарасты қалыптасыру;
- Студент жастарының бос уақытын тиімді пайдалануға ықпал жасау.
- Жастардың тұрмыстық жағдайын жақсартуға, табиғи жетілуіне, спортты, туризмді дамытуға және жастар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыруға жәрдемдесу;
- Жастарды аға буынға деген құрмет, қамқорлық және мейірімділік рухта тәрбиелеу.

